

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ, ПІКІРАЛМАСУ, ШЕШЕН СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

**А. С. Қыдыршаев, п.ғ.д., профессор, Д. А. Қыдыршаева, магистрант,
Ш. Б. Бекеева, ізденуші**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазіргі таңдағы тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуына баса акцент беріледі. Бүгінгі жоғары оқу орны студенттерінің ауызша сөйлеу, пікіралмасу, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бірден-бір қатысты негізгі қағидалар електен өткізіле тарамдалады.

В данной статье акцентируется внимание на необходимость обществу высококультурных людей, владеющих всеми видами современного речевого общения. Детально излагаются основные принципы, способствующие формированию у студентов высшего учебного заведения навыков устной речи, дискуссии, культуры красноречия.

Attention to society necessity of highly cultured people owning to all kinds of modern speech dialogue is focused in the article. Main principles promoting formation of oral speech skills, discussion, cultures of eloquence at students of higher educational institution are given in details.

Сауатты да шешен сөйлей білу – заман талабы. Қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Ал бүгінгі күні мұндай білімнің қажеттілігі айдай анық. Бұл орайда баса ескерер ерекше тұс – егер де адамның жалпы мәдени деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса ғана, жинақталған кәсіби білім мен дағды жемісті жетістікке жеткізе алатынын болашақ мамандардың терең түсінуінің қажеттігі.

Жалпы сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кейбір салаларында ол аса қажетті де тиімді жұмыстың міндетті алғы шарты да. Сауатты да шешен сөйлей білу дағдысы адамдар арасында жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және сақтауға мүмкіндік береді. Әшейінде мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналар сөзсіз.

Біздің қарым-қатынасымыз сәтті болу үшін, тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын жақсы біліп қана қою жеткіліксіз. Пікірлесушіңді қызықтыра отырып, оған әсер ету үшін, өз бағытыңызға аударып, баурап алу үшін, өзіңізді ұнататын адамдармен, өз қарсыластарыңызбен сөйлесе білу үшін, дос-жаран арасындағы әңгімеге қатыса білу үшін, ақырында шаршы топ алдында сөйлей білу үшін, өз сөзіңізді орынды үйлестіре білуге үйрену аса қажет.

Аристотель өзінің «Риторикасында» күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтайды. Демек, кәсіби маман – инженер педагог, заңгер, әлеуметтік қызметкер, саясаткер, менеджер, діни уағыздаушы өз мамандықтарының шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс. Себебі оларға адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздық етуге, ресми жағдайда шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Осы орайда аудиторияға көздеген межеде әсер ету мақсатында шаршы топ алдында сөйлеуге әзірлену және сөйлеу заңдылықтары туралы ғылым

саласы шешендіктану көмекке келеді. Баса айтармыз, бұл ауызекі сөздің күшімен белгілі бір ақпаратты жеткізу амалдары туралы жай ғылым саласы ғана емес, сонымен қоса сөзді өзге адамға әсер ету құралына айналдырушы, сөйлеген сөздің сенімділігін, әсер туғызушылық әрекеттік қалпын қамтамасыз етуші заңдылықтар мен ережелердің шоғыры да.

Қазіргі жоғары білім беру саласындағы күн тәртібінен түспейтін мәселенің бірі – таңдаған мамандығы бойынша тиісті деңгейде теориялық-практикалық білік-дағдысы бар кәсіби маман даярлау жайы. Осы түпкі мақсаттан туындата отырып, жоғары оқу орны студенттеріне алғашқы кезекте қажетті ауызша сөйлеу, пікіралмасу, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты негізгі қағидалар шоғырын ұсынуды жөн көрдік.

I. Студенттердің ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты: 1) Шаршы топ алды сөз сөйлеуде кітаби стиль түрлерінен (*публицистикалық; ресми-іскери; ғылыми; көркем-әдеби*) хабардар болуы; 2) Ауызекі сөйлеу стиліне қатысты қағидаларды білуі (*сөздердің еркін түрде үйлесе келуі; қысқа сөйлемдер; бейтарап лексика; бағалау мәнді жұрнақтар; тілдің бейнелеуші құралдары; экспрессивті тұрғыда сөйлеуге бейімділік*); 3) Сөйлеуге даярлығы (*сөз мақсатының айқындалуы; аудитория мен жағдаятқа талдау жасау; сөз сөйлеуге қажетті қағидаларды іріктеу және шектеу; материал жинау; сөйленер сөз жоспарын құру; сөйлеу сәтіне керекті сөздерді әзірлеу және екішеу; дауыстан сөйлеу тәжірибесі*).

Ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда сөйленер сөздің композициялық қағидаларын ескеру орынды. Бұл ретте ескерілер тұстар төмендегіше: 1. *Композициясы* (сөз басы, кіріспесі (*тұтас сөздің 8/1 бөлігі*); негізгі бөлім; түйін (*этикеттік формулалар; тезис, индукция, дедукция; айғақтама, аналогия; негізгі ой үзін қайталау; аудиторияны құлшындыру*)); 2. *Композициялық қағидасы* (*логикалық жүйелілік; үнемдеу қағидаты; үдету, үстемелету қағидаты*); 3. *Композициялық олқылықтары:* (*логикалық жүйеліліктің сақталмауы (жоспар баптарының бір-бірімен ұласпауы); қозғалған мәселелердің көптігі (3-4); қарастырылып отырған мәселеден ашақ кетушілік; сөйленер сөздің жекелеген қағидаларының күрделенуі (сауалдардың көптігі); теориялық пайымдаулардың тым молдығы; негізгі қағидалардың дәлелдемесінің жоқтығы; сөйленер сөз құрылымының жаттанды таптауын реңде болуы*). 4. *Сөйленер сөздің композициялық-логикалық желісі. Кіріспе* (Міндеттері: *тақырыпқа қызығушылығын ояту; аудиториямен байланыс орнату; аудиторияны сөйленер сөзді қабылдауға бейімдеу*). *Аудиторияның зейінін аудару амалдары:* (*Қаратпа сөз (аудиторияны өзіңе қарата айтылар сөз); сөйленер сөздің мақсатын баяндау, тақырыптың басты тарауларына шолу жасау; уайым-қайғыларын бөлісу амалы; аудитория қызығушылығын ескеру; сәйкесті оқиғаға жүгіну; географиялық не ауа райы жағдайларын ескеру; беделді тұлғаларға не танымал ақпарат көздеріне жүгіну; шешен тұлғаның ерекшелігін ескеру; аудиторияға сауал тастау; тосын пікір (парадокс); юморлық тұрғыда ескерту*). *Бекіту тәсілдері* (*шын жүректен шыққан сөз, жеке дара аудиторияға қарата айтылар сөз, комплимент*); *Дәлелді қолдану техникасы* (*оқиға, жеке толғаныс, салыстыру, анекдот*); *Пайымдауды туындату техникасы* (*мәселенің ашық қойылуы, қарсы пікір*); *Тікелей айту техникасы* (*тақырып бойынша сөз сөйлеудің себебі*); *Негізгі бөлімді әзірлеу қағидаттары* (*индуктивті, дедуктивті; аналогия бойынша; хронологиялық; логикалық-сипаттамалы; себеп-салдарлық*). *Қорытынды* (*Мақсаттары: айтылғандарды жинақтау; сөйленер сөз діңгегіне қызығушылықты арттыру; айтылғандардың мән-мағынасына салмақ беру; міндеттер қоя білу; іс-әрекетке шақыру*). *Әдістері:* (*айтылғандарды жинақтау; негізгі мәселелерді не тұжырымдарды қысқаша қайталау; мәселенің келешегін аңғарту; соңғы сәтті иллюстрациялау тұрғысында беру; лепті (ұранды) сөз*).

Студент жастардың ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда шаршы топ алды сөздің стилистикалық ерекшеліктері де есте ұсталғаны жөн. Бұл орайдағы қағидалар үзіктері төмендегіше: 1. *Қысқа да нұсқа, жай (аса күрделі емес) сөйлемдер*; 2. *Сөйлем құрылымдарының еркіндігі*; 3. *Ауызекі сөйлеу кезеңі*; 4. *Байланыстырушы (дәнекерші) құрылымдар (және, бірақ, десек те, сондай-ақ, солай десек те, солай ма)*; 5. *Сегментті құрылымдар (бұған байланысты, осыған байланысты, бұған сәйкес)*; 6. *Сөйлемдерді байланыстырғыш сөздер, тіркестер (қарастырайық, алалық, келесісіне көшелік, меніңше, менің ойымша, біріншіден, келесіде атаймыз (сөздердің не оралымдардың қайталануы))*; 7. *Апеллятивтер (көз алдымызға елестетіп көрелікші, келіңіздер, бірлесе ойланып көрелік)*;

8. Есімішелі оралымнан гөрі бағыныңқы сөйлем дұрыс; 9. Ырықсыз етістен гөрі сабақты етіс дұрыс; 10. Сөздердің «пассивті» қордан гөрі «активті» қордан болғаны, зат есімді етістіктерден гөрі етістіктің өз табиғатынан болуы тиімдірек (Осы аппарат өндіреді – бұл аппараттың өнімділігі); 11. «Өтімді де үйлесімді» сөздер мен сөз тіркестері (мүмкін, сіз байқаған шығарсыз, уақыттың көбірек бөлігін, әрдайым бірге); 12. Жіктеу есімдіктері (мен, сіз, біз); 13. Сілтеу есімдігі (сол, осы, мынау); 14. Жинақтаушы-жалаң және сұраулы сөйлемдер.

Даусыз ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда баса ескерілер мәселенің бірі – сөйлеу мәнерлігін қалыптастырудағы шешендік құралдар. Мәнерлілік құралдарының міндеті – эмоциональды фон құру, айтылған іргелі ойларға қатыстылық сезімін ояту. Мәнерлілік – сөз сөйлеу стилінің сендіргіш сапасы, идеялардың көркем бояуы, ерекше елендетер эмоционалды толғаныс пен эстетикалық ләззат атмосферасын туындата келе, тыңдаушылар назарын аударту құралы.

Ал осы реттегі негізгі құралдар сапында стилистикалық фигураны атаймыз. *Стилистикалық фигура* – айтылған ойға тікелей байланысты сөздердің тіркес құрамында үйлесімді қалыпта орналасуы (Мәселен, «биологиялық компьютер» адамның миы мағынасын аңғартса, ал, «биолог компьютері» тіркесі жасанды екені мәлім). Оның тарамдары да сан алуан. Бірқатары төмендегіше: 1. *Риторикалық сұрау* – шешендік тәсілдерге жататын айшықты сөз тіркесі. Риторикалық сұраулы құрылым – ойды, сезімді әсерлету үшін жауабы өзінен өзі-ақ айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Бұл күмәндану, шүбә келтіру мүмкін емес деген айрықша сенімділікті білдіреді («Өлім – асусыз тау, кімнің бауыры сау? Пұлсыз берді, құнсыз алды, - оған не дау? Бізге аяулы, алушыға да қалаулы»); 2. *Қайталау*. Айшықтаудың қайталау түрлері (анафора, эпифора) шешендік сөздердің көркемдік белгілерінің бірі. Қайталанған элементтер белгілі бір ойға, айтпақ болған нәрсеге екпін түсіреді, көңіл аудартады («Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – атаға жете туады, бір бала бар – кейін қарай кете туады» (Қаз дауысты Қазыбек шешен сөзі). Анафора – сөз басында, тіркес басында айтылар түйіннің құрамындағы жекелеген сөздердің немесе оралымдардың келуі (Кім көрді көктің жерге құлағанын, кім көрді күннің жарық сұрағанын... (И.Байзақов)). Эпифора – сөз соңында (әсіресе, өленді сөзде) бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше қайталанып келуі. Бұл қажетті бір ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін арттыру үшін қолданылады («Қыз бала көркем көрінер, беттегі нұрлы қанменен.. Еділ көркем көрінер, жағалай біткен талменен...» (А.Керейұлы)). 3. *Градация* – жиі қолданылатын риторикалық фигуралардың бірі. Бұл сөздердің, көбінесе синонимдердің, бірінен-бірінің мәнерлі, эмоциональды бола түсуі қалпында орналасуын білдіреді. Градация (лат.gradatio – біртіндеп көтеру), яғни дамыта айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу («Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысы). Түйдектету («Қиқу салып, құзға ұшқан, Құздан суық мұзға ұшқан, Мұздан биік бұлтқа ұшқан» (Т.Жароков). Баяулату («Әм жалықтым, әм жабықтым» (Абай)). Кейде екеуі қосарланып қолданылады. Мәселен, «Безілдет! Сарнат! Зарлат! Үздіктіріші! Керек жоқ! Лақтыр әрі! Қысқарт! Қысқарт!» (І.Жансүгіров). 4. *Антитеза* (шендестіру) – шешендік сөз үшін қажет анықтау тәсілінің бірі. Антитезада әр түрлі мағынадағы жекелеген сөздер, сөз тіркесі, тіпті тұтас фразалар қарсы қойылады. Бұл іспеттес оралымдар қажетті ойды белгілі бір феномендер, бағалар, пайымдаулар арқылы үдете түседі («Қардан артық ешнәрсе жоқ, Ұстасаң қолыңды тоңдырады. Қазаннан қара еш нәрсе жоқ, Ішіндегісін ішсең, мейіріңді қандырады. Қара бөрік хан басында, ақ киіз аяқ астында емес пе? Қыран құс қырымға, құзғын құс ырымға деген. Менің ішімнің саралығына қарамай, түсімнің қаралығына қараған сіздің көзіңіз де көз емес, ағарып кеткен без екен. Көзі соқырдан көңілі соқыр – заріп, есуастан есірік – заріп! Сол есірік пен көңілі соқырдың я бірі, я «пірі» болмасаң не етті?» (Сыр бойында жасап өткен Тыныс қыздың ділмар сөзі)). Антитеза, бірінішіден, кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі ретінде екі затты не құбылысты шендестіру арқылы басқа бір құбылыстың, ұғымның, нәрсенің суретін, сыр-сипатын, кескін-кейпін аңғартады. («Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» (Абай)). Екіншіден, қазіргі әдебиеттанудағы қарама-қарсылықты (контрасты) айқындау, көбінесе ашық, антоним сөздер арқылы да беріледі. Мұнда автор ойы ол қолданған сөздерден тереңде жатуы да мүмкін («Өссе, тілім, мен де бірге өсемін. Өйсе, тілім, мен де бірге өшемін» (Ө.Тәжібаев)) 5.

Метафора – сөйленер сөздің бейнелілігі мен мәнерлілігін қалыптастыруда кең көлемде қолданылар шешендік құралдардың бірі. Байырғы шешендік сөздерде жиі кездесетін көркемдеуіш құрал (*Ашу деген – ағын су, алдын ашсаң арқырар, ақыл деген – дария, алдын тоссаң тоқырар; Сен – темір де, мен – көмір, еріткелі келгенмін, сен көкте ұшқан құс болсаң, мен іліп түсер сұңқармын, сен тоғай арасындағы қабан болсаң, мен – жолбарыс, - алысқалы келгенмін; өлім деген – ұзақ жолдың алысы; әкең – асқар тау, шешең – аққан бұлақ, т.б.*) б. *Кейіптеу* – жансызды немесе абстракты нысанды жанды зат ретінде бейнелеу (кескіндеу). Әр түрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалай да жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл (*Қазақ халқының эпостық жырларында атқа тіл бітіріп, адамша ойлап, сезінетін етіп көрсету кездеседі; Ауырып домбыра да ыңыранды, Сансыз саусақ қаңғып, қыдырады. Бірде ысып, бірде суып, күйіп-жанып, Жүректе сандыраған күй жынданды (Ілияс)*) 7. *Аллегория* – қияли (алыс) түсініктерді, оқиғаларды, құбылыстарды нақты (жақын) бейнелеу. *Аллегория (грек. allegoria – астарлы сөзбен бейнелеу)* – әдебиетте, жалпы көркемөнерде, белгілі бір идеяны астарлап суреттеу үшін бір нәрсенің, көбінесе адамның мінезін, құлқын, амалын екінші нақты нәрсенің бейнесінде көрсетіп айту тәсілі (*А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», оның ішіндегі «Иттің достығы» шығармасы*). 8. *Салыстыру* – сөйленген сөз нысанындағы ұғымның екінші бір ұғыммен қарапайым алмасуы, салыстырылуы (*Мәселен, салыстыру – ғылыми деректерді баяндаудың дәстүрлі негізгі құралдарының бірі. «Әлемдегі күллі құбылыстарды тек салыстыру арқылы ғана танимыз» (К.Д.Ушинский)*). 9. *Эпитет (сипаттама)* – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, нақтылық сипатын беру (*Қысқасы кеш, қоңыр кеш. Көптеген эпитеттерде ұлттық бояу-бедер болады /алма мойын, бота көз, қолаң шаш, қоңыр дауыс, ақша бет/*). Поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытатын әсерлі, күрделі эпитеттер мол кездеседі (*Жалынды күй, сарынды күй, ыңыранған күй, ырғалған күй, жынданған күй, жандырған күй, жылытқан күй, жұбатқан күй, жорға күй, тәтті күй, шерлі күй (І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасындағы күй сипаты)*). *Эпитет* – бояу. Айтылмақ ойдағы белгілі бір заттың, құбылыстың қалпы дәстүрлі шешендік сөздерінде эпитет түрінде еркін де жиі пайдаланады (*Асусыз тау, арылмас дау, екі ауыз сөз, торқалы той, алалы жылқы, топырақты өлім, ақтылы қой, т.б.*). 10. Сөйлеу мәнерлілігі *афоризмдерді* (түйінделе әрі екшеле ұшталған фразалар арқылы берілген жинақы ойларды танытатын қысқа да нұсқа даналық сөздер); *мақал-мәтелдерді* (баға жеткізгісіз халық даналығының арсеналы, ақыл-ой симфониясы, атақты тұлғалардың саф алтынға пара-пар ақыл-накыл сөздері); *қанатты сөздер, дәйекті сөздер*, өзге де формалар мен лингвистикалық әдебиеттерде біршама жазылған *троптарды* орынды қолданумен қамтамасыз етіледі.

Ауызша сөйлеу мәдениетіне қатысты бірқыдыру аудитория зейінін аудару және кідірту амалдары қолданылады. Бір шоғыры мыналар: I. Сөз басында: 1. Кідіріс, визуальды байланыс. 2. Танысу (15-20 секунд), аудиторияның қабылдауына ыңғайлану. 3. Сыртқы қалып. 4. Аудиторияға қатысты ұстанар дистанция: тым жақынырақ – 15-46 см; өз ортанда – 46 см -1,2 м; әлеуметтік жағдайда – 1,2 -3,6 м; қоғамдық ортада – 3,6 м. 5. Сәлемдесу (кешірім сұрамау). 6. Аудиторияға қолдау білдіру (комплимент). 7. Уақытылы бастау. 8. Басы артық қағаздың болмауы. II. Сөз сөйлеу барысында: 1. Жаңалық (белгіліден белгісізге қарай жүру). 2. Сөйленер сөзіңіздегі талас (кереғарлық) (конфликт) тудыратын жағдаяттар. 3. Нақтылы деректерге негізделген пайымдамалардың жүйелілігі. 4. Сөйленер сөздің жандылығы (ырғақтылығы) (секундына 3-5 сөз). 5. Интонацияның мәнерлілігі (ақпарат 40 %). 6. Юмор, жылы жымыс. 7. Кідіріс (пауза). 8. Дене қимылы (жест), қозғалыс. 9. Сауал. 10. Тосыннан жасаған үзіліс. 11. Ара-тұра диалогтасу (аудитория тамырын басу мақсатында). 12. Ілгергі сөз не туралы боларына емеурін білдіру. 13. Аудиториядағы адамдардың атын атай отырып, назарын аудару. 14. Сұрақтарға позитивті реакция білдіру.

II. Студенттердің пікірсайыс мәдениетін қалыптастыруға қатысты:

- 1) Дәлелдеудің құрылымы мен қағидалары төмендегіше өріледі:
- 2) Айғақтама түрлері төмендегіше: 1. Рациональды (деректер; беделді тұлғалар; аксиомалар) 2. Иррациональды (психологиялық) (адамдарға жүгіну; аудиторияға жүгіну).
- 3) Айғақтаманың риторикалық әдістері (Кәсіби дәлелдерге негізделген): Фундаментальды әдіс (сандар, деректер); Қарама-қайшылық туғызу (қарсы шығу) әдісі (оппоненттің айғақтамасынан қарама-қайшылық табу, қорғану әдісі); «Түйіндер шығару» әдісі (дәл айғақтамалар өзіміз күткен түйіндерге қол жеткізеді); Салыстыру әдісі (себептің

қажеттілігі: салыстырудың сәтті іріктелініп алынуы; қарсыластың салыстырмаларының солқылдақтығын дәлелдеуге болады); *«Иә, ... бірақ ...» әдісі* (ұсынылған альтернативаның әлсіздеу жағын қарастыруға мүмкіндік туғызады); *«Бәлшектеу» әдісі* (дидарласушының сөйлеген сөзін бірнеше бөліктерге бөлу: бұл дәл; бұл туралы әр түрлі көзқарастар бар; бұл түгелімен әрі түбірімен қате, күшті айғақтамаларға жоламау; әлсіз тұстарды жоққа шығару); *«Бумеранг» әдісі* (дәлел боларлық күші жоқ, десек те, ойлы тұрғыда айтылуы жағынан бұлтартпас іс-әрекеттерге бағыттады); *Көзге ілмеу әдісі* (бұлтартпас деректерді байқамаған болу, көзге ілмеу); *Баса мән беру, үстемелеу әдісі* (акцент беру; дидарласушының алғы мезетке өзін қанағаттандыратын мәселені шығаруы); *«Біртіндеп жүзеге асыру» әдісі* (іс мәнісінің субъективті тұрғыда біртіндеп өзгеруі); *«Сұрау салу» әдісі* (сұрақтар алдын-ала беріледі; сауал қою – айғақтаманың айрықша түрі; дидарласушының өзіндік ұстанымын ақтаруға (ашуға) мәжбүрлеу); *«Тек сөз жүзінде қолдай білу» әдісі* (алғашқы кезекте оппонентке тиімді боларлық дәлелдер келтіру, содан соң қарсы соққы беру (шабуылға көшу)).

Қағидалары	Қатесі
Тезис	
1. Тезис қысқа да нұсқа жинақы болуы тиіс 2. Тұтас сөз бойында тезис өзгеріссіз қалуы тиіс 3. Тезис мазмұнында логикалық тұрғыда кереғарлық болмауы жөн	1. Тезистердегі ой шашыраңқылығы, жинақылықтың жоқтығы (қолға ұстар нақтылықтың болмауы) 2. Тезисті жоғалтып алу. Тезистің ауысуы 3. Тезистегі ой қарама-қайшылығы
Айғақтамалар	
1. Айғақтамалар шынайы болуы тиіс. 2. Ұсынып отырған тезис үшін айғақтамалар мейлінше жеткілікті болуы жөн 3. Айғақтамалардың шынайылығы тезистегі ойға байланыссыз-ақ дәлелденуі тиіс	1. Теріс (жалған) негіздеме (негізгі қателік осыдан басталмақ) 2. Негіздеменің осалдығы 3. Шынайы дәйексіз босқа даурығу
Көрсетілім (демонстрация) амалдары	
1. Дедукция 2. Индукция 3. Анология	1. Негізгі қайнар сөздің (тұғырдың) жоқтығы 2. Индукцияның кемдігі 3. Құбылыстың тек сыртқы ұқсастығы

4) *Айғақтамалардың өзгермелі әдістері («ойдан шығарылған» амалдар, «қақпанға түсіру» тәсілдері): Әсірелеу техникасы* (әсірелеудің және жалпылаудың барлық түрі. Мысалы: Бұның бәрі – технократиялық қылықтар); *Анекдот қолдану техникасы* (тыңғылықты ұсынылған айғақтамаларды ойлы тұрғыда айтылған ескертпе күлталқан қылуы әбден мүмкін. Дәл қайтарым ұсына білу немесе барлығымен бірге күле білу. Тек ренжімеу!); *Беделді тұлғаларды пайдалана білу* (сөйленер сөзімізде айтылар түйін мүлдем басқа мәселе бола тұра, қажетті дәлелдеме бола алмаса да, танымал авторлардан дәйек келтіру); *Дидарласушыны дискредитациялау техникасы* (болжам жасауға болады; қатысушыларға дидарласушының келтірер дәлелін түсіндіруге болады); *Изоляциялау техникасы* (сөйлерген сөзден жекелеген фразаларды суыртпақтатып алу, оларды кесінді күйінде ұсыну); *Бағытты өзгерту техникасы* (оппоненттің біздің негізгі айғақтамаларымызға тойтарыс бермей, келесі мәселеге көшу); *Ығыстыру техникасы* (оппоненттің жанама тақырыпқа ауысуы); *Адастыру техникасы* (түсініксіз не жартылай шын ақпараттарды, сөздерді хабарлау); *Кейінге қалдыру техникасы* (пікіралмасуды /дискуссия/ соза түсу: ешбір мәні жоқ сөздерді қолдану, талқыланған мәселелерді қайталау, үтір-нүктесіне дейін түсіндіруді талап ету; кейде қарсы болуды, келіспеушілікті бірден айта салмай, сағыздай созу қарсыласыңды қақпанға түсірудің бір тәсілі саналады); *Апелляция техникасы* (оппоненттің өз жағдайын түсінуге шақыруы, белгілі бір айқындалмаған қағидаттар мен моральдық-этикалық нормалар негізінде шешім табылмаған іскери мәселелерден аттап кетуді өтінуі); *Ауытқу техникасы* (өзіміз тарапынан айтылғандардан ашық тұрғыда ауытқу); *Сұрақ-қақпандар техникасы* (толғанысқа түсіру есебінде іс нәтижесімен бірлестікке негізделеді: а) *қайталау*: бір мәселенің не бекітілімнің әлденеше рет қайталануы, ақыр соңында оны дәлел ретінде оңай қолдануға әбден болады; ә) *мәжбүрлеу*: оппоненттің өзімен келісуге (келісімге келуге) үгіттеуі: «әрине, бұл деректерді сіз жоққа шығармайсыз»; б) *альтернативалық*: ойдан шығарыла жүйеленген мәселелер бізді оппонентке

тиімді белгілі бір жауаптарға ғана итермелейді; в) *қарсы сұрақтар*: оппонент жауап берудің орнына бірден қарсы сұрақтар қояды).

5) *Пікірсайыстағы теріске шығарудың амалдары*: Юмор, ирония, сарказм; «Орынсыздыққа дейін апару», «абсурд тұрғысына жеткізу»; «Қайтарма соққы» (бумеранг амалы). Оның бір түрі – айтылған репликасынан ұстау; Сауалдармен шабуылдау; Жеке адамға жүгіну. Өзіндік амал түрі – логикалық қателік (тезистің ауысуы). Тек қана негізделген айғақтамалармен бірлікте. Түрі – көпшілікке жүгіну.

6) «Қақпанға түсіру» тәсілдері: Жалған ұялыс таныту (Әрине, Сізге, мәлім ... Мүмкін емес, әлі күнге шейін білмейсіз бе?); Айғақтаманы ойдан шығару (әлсіз дәйек, комплимент); Жасына, біліміне, жағдайына сілтеме жасау; Мәселені істің пайдалылығы не зияндылығы тұрғысындағы көзқарастармен алмастыру; Іс-әрекет мерзімін алмастыру; Өзіне сенімді, күдік тұмайтындай, кесімді тон; Жүрекпен оқу, сөйлеу (Сіздің оған ерекше аяушылық білдіре сөйлеуіңіз; сіздің жеке өз мүдденізді көздеуіңіз); Тікелей, көзін бақырайтып қойып жәбірлеу, қорлау (беделін түсір); Жоспарлы тұрғыда таласты бұзу.

III. Студенттердің шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға қатысты:

Біріншіден, шешен тұлғаға тән қасиет-қағидалардың үлгісін (қыран қанаттылық, сұңғыла ойлылық, терең ақылдылық, телегей білімділік; көрегенділік – білгірлік; судан тұнық сөз; дауыс саздылығы; сұңқар үнділік, келісімді келбеттілік; сұлу тұлғалық; сыртқы түрінің мәдениеттілігі) басты стратегиялық меже тұтуы [1].

Екіншіден, шешендік шеберлікті игеру шарттарын білуі (тыңдаушылар білетін мәселені тәтпіштеп айтудан сақтану; тыңдаушыңды қадірлей білу; шешен сөзінің анық, дәл, айқын естілетін болуы; ым, ишаратты қолдана білу; тыңдаушыларға үнемі назар аудара сөйлеу; шешен ойының әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден басталмауы; сөздің қысқа да тұжырымды болуы, сөздің жүйелі болуы).

Үшіншіден, шешендік қалыпты аңғартар тілдің ұтымды байлығын қолдана білу аса маңызды. Бұл орайда баса айтылар тұстар төмендегілер: 1. *Мақал-мәтелдер* (халықтың тіл байлығының алтын қазынасы; іс-әрекет ережесі; аз сөзді келіп, терең мағынаны білдіреді («Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал»). Мақал-мәтел шешен сөзіне әр береді); 2. *Фразеологиялық тіркес* (ой мәнерлілігіне сеп; ойды әсерлі, көріністі етеді; идиомалық тіркес (қара қылды қақ жару; жүрегі шайылу; қас пен көздің арасында; аузымен орақ ору, т.б.); фразалық тұрақты тіркес (көз қырын салу, тасы өрге домалау; жар құлағы жастыққа тимеу; қайратқа міну, т.б.)); Еске! Тілде қалыптасқан құрамын жөн-жосықсыз өзгертіп айтып, жаза беруге болмайды/ табан аузында» (дұрысы – «табан астында»)/. Бір тілде бар идиомалық тіркестерді екінші тілге сөзбе сөз аударуға болмайды / *Вот где собака зарыта*» (қатесі – «Иттің көмілген жері міне, осы»; дұрысы – «Мәселенің түйіні міне, осында жатыр»)/. Тұрақты тіркестерді өзгертіп айтуда ешқандай мағына болмаса, оларды стильдік қателікке жатқызамыз /*Әбігерге түсу – әбдігер болу* (дұрысы); *беделін төмендету – беделін түсіру* (дұрысы); *дам ішіп кетсін – дам татып кетсін* (дұрысы); 3. *Қанатты сөздер* (ұшқыр ойдың қанаты /«Жақынды араз, татуды жат қылатын – өсек» (М.Әуезов); «Адамның ішкі сезімінің айнасы – көз» (С.Мұқанов)); 4. *Синонимдік қатардағы сөздерді екішеі білуі* (синонимдер – тіл байлығының асыл қазынасы. Мысалдар: *Абайлау*, байқау, аңдау, аңғару, аңыстау, бағдарлау, байымдау, байыптау, байқау, парықтау, бағамдау, парлау; *Әдеп*, иба, ибадат, инабат, ізет, тағызым; *Зерек*, алғыр, ұғымпаз, ұғымды, ұғымтал, ұққыш, зейінді, тапқыр, тұтқыр, зейінтал; *Шешен*, шежіре, ділмар, тақтақ, майталман, тілді, самар, тілуар, сөзгер, ділуар);

Төртіншіден, студенттердің сөздің коммуникативтік сапасын айқындар белгілерін (*сөз дұрыстығы; сөз байлығы; сөз тазалығы; сөз қысқалығы мен нұсқалығы; сөз дәлдігі*) айқын тани білуі. Себебі, сөзді дұрыс қолдана білмеген жерде дәлдік жоқ. Дұрыс та дәл сөйлеу үшін сөздің мағынасын, орнын, стильдік иірімдерін жақсы білу керек, бай лексика, тілдік тәсілдерге жетіктік, өмірді жан-жақты білуі, ой қуаттылығы қажет. Бұл орайда да мына мәселелер ескерілуі тиіс: 1. *Сөз дұрыстығы* (сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану; ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау. Мысалы, тұлғасы тұрақты сипат алған фразеологиялық тіркестердің, мақал-мәтелдердің құрамын орынсыз өзгерту, мақсатсыз ауыстыру сөз дұрыстығы емес. Бірер мысал төмендегіше:

Дұрысы	Бұрысы
1. Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда; 2. Көппен көрген ұлы той; 3. Екі аяғын бір етікке тығып.	1. Аяқ киім тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда; 2. Елмен көрген ұлы той; 3. Бір аяғын екі етікке тығып.

2. *Сөз байлығы* (сөз сапасының аса маңызды құрамдас бөлігі. Мәселен, әдетте жеке адамның сөз байлығы (шамамен 8-10 мың сөз) жалпы халықтық тілдің байлығы ұғымымен ұштасады. Асыл тастар: інжу, лағыл, феруза, дәурия, ақық, гауһар, маржан, жақұт, моншақ, зүбәржат, алмас, меруерт, замартас, иешім тас, кәріптас, мөлдір тас, мәрмәр, сутас, табас, ақтас); 3. *Сөз тазалығы* (тіл тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы; әдеби тіл нормасы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге тән қарабайыр сөздер секілді әдеби тілден тысқарылау жатқан бейәдеби элементтерді қаламгерлеріміз кейіпкер тілін даралау, тілдік мінездеме беру, персонаждардың білім дәрежесін, ой-өрісін, мәдени деңгейін көрсету, ауызекі тілге тән сипат беру мақсатымен эстетикалық жүк арта қолданады. Бейәдеби элементтерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану сөз тазалығына нұқсан келтіреді; сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөз әсерлілігінен айыратын «қызметсіз» қыстырынды сөздер ұшырасады («жаңағы», «нетіп», «алгі», «мәселен», «ал енді», «сонымен», «мысалы», т.б.); 4. *Сөз қысқалығы мен нұсқалығы* (Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу – сөз мәдениетінің бір қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес. Шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде; Бастан аяқ бір сарынмен сөйлемей, сөз алуандығына көңіл бөлу, шұбырынды сөз, сіреспе тіркес, «қызметсіз» қыстырындыларға жол бермеу дұрыс).

Ал көп сөзділіктен аулақ болу үшін мыналарды есте ұстау жөн:

- ✓ таптаурындылық (тавтология), яғни бір ойдың өзге сөздермен, көбінесе түбірлес сөздермен қайталанып келуін аңғару;
- ✓ бір тектес мағыналы қазақ және шетел сөздерінің таптаурындылық байланыстылығын ескеру;
- ✓ қыстырма сөздер (сөйлемдер) мен оралымдардың шексіз көптілігінен сақтану;
- ✓ анықтауыштарды, тым желікпе әсірелеулерді, тым ұсақтап бөлшектеулерді талғамсыз, орынды-орынсыз ойланбай, елеп-екшемей қолдануға ынтызар болмау;
- ✓ паразит сөздерден аулақ болу («иә», «я», «так», «яғни», «мысалы», «жаңағы», «неғып», т.б.

5. *Сөз дәлдігі* (сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану, сөздерді өз мағынасына сай қолданбауға, дәлдіктен көз жазып қалуға, әсіресе, басқалардан гөрі дыбысталуы ұқсас, бірақ мағынасы әр басқа, не бір түбірден тарап, дербес мағынаға ие болған сөздерді (паронимдер) жұмсауға жол бермеу; сөз қолданысымыздағы ұқыпсыздыққа жол бермеу; мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдай білу; сөзді білгенмен, оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген немесе шала-шарпы ғана білу дәлдіктен көз жаздырады. Кейде зат пен құбылыстың дәл қалай аталатынын білмеу не оған ден қоймау да сөз дәлдігінен жаңылдырады; логикалық дәлдіктің сақталуы. Сөзді тілдегі мағынасына сай қолданумен бірге сөзде логикалық қайшылықтың болмауын ескеру (Бірақ тілімізде кейде логикалық дәлдіктен арнайы ауытқу (оксюморон) боларын ескеру); сөз дәлдігі сөйлеу тіліне де қатысты).

Бесіншіден, студенттің шешен сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеруге қажетті дағдыларды білуі (әдеби тіл стильдерін таразылау, өз беттік оқу шеңберін ұлғайту; атақты актерлер мен дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу; өзінді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилі мен тіліндегі мүкістіктермен күресу (мүкістерді дер кезінде, уақытында жою); шаршы топ алды сөз сөйлеуге көбірек машықтану, сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлену, мұқият редакциялау; сөйлеу мәдениеті мәселесіне байланысты арнайы әдебиеттерді оқу, қазақ тілі сөздіктерімен санасып отыру, т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Негимов, С. /Шешендік өнер. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1999. – 204 бет.